

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



«Болашақ» университеті
профессор-оқытушылар құрамының жылдық қорытынды бойынша білім беру
қызметіндегі рейтингісін анықтау
ЕРЕЖЕСІ

«Болашақ» университетінің
Ғылыми Кеңесінде қаралып, мақұлданды
Хаттама № 1 « 29 » тамыз 2017 ж.

Қызылорда, 2017 жыл

«Болашақ» университеті
профессор-оқытушылар құрамының жылдық қорытынды бойынша білім беру
қызметіндегі рейтингісін анықтау
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже университет профессор-оқытушыларының кәсіби қызметін рейтинг бойынша анықтау үшін қолданылады.

1.2 Профессор - оқытушылардың кәсіби қызметін арнайы рейтинг бойынша бағалау мен сараптаудың мақсаты олардың оқу жылында атқарған қызметтерінің нәтижесіне сәйкес кәсіби деңгейлерін саралау, бәсекеге қабілеттілігін, жұмысының тиімділігін және осы негізде мамандарды дайындау сапасын көтеру болып табылады. Ол оқытушының жүргізген ғылыми, оқу-әдістемелік, мәдени, бұқаралық, тәрбиелік жұмыстарының деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер нәтижесін салыстыруға мүмкіндік береді.

Профессор-оқытушылар құрамының ұстаздық қызметі мен ғылыми еңбектерінің сапасына мониторингтік баға беруді енгізу идеясы қызметкерлердің педагогикалық және ғылым еңбектерінің өнімділігі мен кәсіби деңгейлерінің көтерілуіне деген қызығушылығын материалдық және адамгершілік тұрғыдан арттыра отырып, негізгі айлыққа қосымша үстемелер белгілеу арқылы ұмтылуды көздейді. Сонымен қатар, рейтинг «Болашақ» университетінің Үздік оқытушысы» атағын тағайындау тәртібін де анықтайды.

1.3 Оқытушы-профессорлардың, кафедраның, факультеттің жыл сайынғы рейтингісін анықтау университетті басқару мәселесінде алға қойылған келесідей міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді:

- ректорат факультет, кафедра және оқытушылар қызметінің нәтижелері туралы шынайы мәліметтерге ие болады және соның нәтижесінде университетті басқару стратегиясына дер кезінде әсер етіп оған өзгертулер мен толықтырулар енгізіп отыруға мүмкіндік алады;

- декандар, кафедра меңгерушілері мен оқытушылар өздерінің қызметтерін әділ бағалауға және негізгі күштерін оларды жақсартуға бағыттауға мүмкіндік алады;

- университеттің деректер қорында факультеттер мен кафедралардың, жетекші оқытушылардың қызметтерін жүйелі түрде бағалап отыруға және университеттің стратегиялық бағыттарын жақсартуға мүмкіндік беретін мәліметтер жинақталады;

- жыл қорытындысымен оқытушылардың және бөлімдердің рейтингтік бағаларының нәтижесі декандардың, кафедра меңгерушілерінің, оқытушылардың жұмыстарының сапасын ғана анықтап қоймайды, сонымен бірге қызметкерлерді ынталандырудың әр түрлі амалдарын қолдана отырып, құрылымдық бөлімдерді басқарудың нәтижелігіне шұғыл түрде ықпал етуге мүмкіндік береді.

1.4 Рейтингке университеттегі жұмыс өтілі 1 жылдан кем емес штаттағы оқытушылар мен профессорлар қатысады. Әкімшілік басқару және құрылымдық бөлімдердің қосымша педагогикалық жүктеме орындайтын қызметкерлері өз қалауы бойынша қатыса алады.

1.5 Рейтингтік бағалау мерзімі – өтініш берілген күнге дейінгі 1 жыл.

2. Рейтинг кезеңдері және оны бағалау тәртібі

2.1 Рейтинг қорытындысын шығару үшін университет ректоры бұйрығымен, оқу ісі жөніндегі проректордың жетекшілік етуімен арнайы комиссия құрылады.

2.2 Арнайы комиссия жетекші ғалымдар мен оқытушылардан, ректорат мүшелерінен тұрады. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы шарт. Отырыс комиссия мүшелерінің 2/3 қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

2.3 Рейтинг мамыр айында үш кезеңде өткізіледі:

Бірінші кезең – кафедра деңгейінде 5-15 мамыр аралығында өтеді. Кафедра мәжілісінде рейтингке қатысушылардың құжаттарының шынайылығына сараптама жүргізіледі, бірақ кафедра тарапынан құжаттарға баға берілмейді. Факультет деканының басшылығымен құжаттарды дайындау және оларды белгіленген уақыт ішінде сараптау (эксперттік) комиссиясына тапсыру жауапкершілігі кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

Екінші кезең – 15-20 мамыр аралығында өтеді. Рейтингке қатысушылардың кафедрада қаралған құжаттары сараптау комиссиясының қарауына жіберіледі. Рейтингке қатысушылар сараптау комиссиясына рейтингке қатысу жөнінде университет ректорының атына жазылған өтініш береді (мемлекеттік немесе орыс тілінде) және 1-қосымшаға сәйкес тігілген, нөмірленген, түптелген ғылым-педагогикалық қызметтеріндегі жеткен нәтижелерін растайтын құжаттарын тапсырады. Сараптау комиссиясы әр қатысушының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарын тексеруден өткізеді, әр көрсеткішті бағалайды және 1-қосымшаның 4-графасын толтырады. Сараптау комиссиясының төрағасы қатысушының қосымшаға сәйкес ұсынған құжаттарының растығын нақтылап, факультеттің мөрін басып, бекітіп береді.

Үшінші кезең – 20-25 мамыр аралығында университет деңгейінде ректор бұйрығымен жасақталған арнайы комиссия арқылы өткізіледі. Арнайы комиссия рейтингке қатысушылардың құжаттарын, ұсынған мәліметтерін сараптайды, қажет болған жағдайда оқытушының ғылыми-педагогикалық қызметі көрсеткіштерін нақтылайтын құжаттардың түпнұсқасын сұратады, солардың нәтижесінде қорытынды балл шығарады.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттары қайтарылмайды.

2.4 Ғылыми-педагогикалық қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша ең жоғары балл 100% болып есептеледі. Оқу жылы шеңберінде қатысушының қызметінде кемшіліктер, тәртіп бұзушылық орын алған жағдайда 2 - қосымшаға сәйкес қорытынды балдан тиісті балл шегеріліп тасталады.

Негізгі айлық жалақыға қосылатын қосымша жалақы рейтингке қатысушының жинаған қорытынды балына сәйкес рәсімделеді.

Өте жоғары балл жинаған алғашқы үш оқытушыға «Болашақ» университетінің үздік оқытушысы» атағы беріледі және университеттің кәсіподақ комитеті тарапынан (келісім бойынша) ынталандыру шарасы жасалады.

2.5 Сараптау және арнаулы конкурстық комиссия төрағаларына және осы комиссиялардың мүшелеріне өзі атқарған сараптау жұмысы бойынша қатаң жауапкершілік жүктеледі.

2.6 Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректорының бұйрығы шығады. «Болашақ» университетінің Үздік оқытушысы» атағын алған профессор-оқытушыларға арнайы сертификат және төсбелгі тапсырылады. Рейтинг қорытындысы университеттің барлық құрылымдарына түгел жарияланады.

«Болашақ» университеті

Оқытушылардың _____ оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік,
ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмыстарының сандық және сапалық көрсеткіштері

(Оқытушының аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, қызметі)

Кафедрасы _____

Факультеті _____

№	Көрсеткіштер	Ең жоғары балл	Эксперттік комиссия (факультеттің)	Конкурстық комиссия (университеттің)
1	2	3	4	5
1. ҚР БҒМ бекіткен ғылыми дәреже мен ғылыми атақ				
1.1	ҚР ҰҒА Академигі	50		
1.2	ҚР ҰҒА корреспондент - мүшесі	40		
1.3	Қоғамдық Академиялар мүшесі	15		
1.4	Ғылым докторы, профессор	30		
1.5	Ғылым кандидаты, PhD доктор, доцент, қауымдастық профессоры	20		
1.6	Магистр	5		
2. Оқу үдерісі				
2.1	Оқу жүктемесінің орындалуы	100 сағатқа – 4		
2.2	Өзара сабаққа қатысу және оны талдау	1 сабақ үшін - 1		

2.3	Оқытушының интерактивті жүйемен жүргізген ашық сабағы деңгейін бағалау - жоғары деңгей - орта деңгей (1 академиялық кезеңге 1 ашық сабақ есептелінеді)	5 2		
2.4	«Оқытушы студент көзімен» сауалнамасын есептегендегі оқыту сапасы - 90% және жоғары - 80 % - 70% (соңғы оқу жылы бойынша)	7 5		
3. Оқу-әдістемелік жұмыс				
Оқу-әдістемелік әдебиеттердің басылымы				
3.1	ҚР БҒМ ұсынысы бойынша соңғы 3 жылда басылған оқулық (1 б.т. үшін)	6		
3.2	ОӘБ грифімен соңғы 3 жылда шыққан оқулық (тарау), оқу құралы (1 б.т. үшін)	5		
3.3	Университет баспасынан шығарылған оқулық (тарау), оқу құралы (1 б.т. үшін)	4		
3.4	Әдістемелік нұсқау, практикумдар, басқа да оқу-әдістемелік басылымдар (1 б.т. үшін)	3		
3.5	Лицензиясы бар электронды оқу құралдары (бір оқу құралы үшін)	6		
3.6	Университетшілік электронды оқу құралдары (бір оқу құралы үшін)	5		
3.7	Жаңа оқу курстарына арналған оқу-әдістемелік кешендерін ағылшын тілінде жасау және сол курстарды ағылшын тілінде жүргізу	10		
Білім беру үдерісінің оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі				
3.8	Жаңа пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын жасау	3		
3.9	Жаңа пәндер бойынша дәрістер құрастыру	4		
3.10	ПОӘК дайындау	2		
3.11	Жаңа зертханалық жұмыстар құрастыру	3		
3.12	Факультеттің ҒӘБ немесе университетің ҒӘК ұсынысы негізінде пән бойынша тест тапсырмаларын құрастыру (кем дегенде 500 сұрақ болуы шарт)	4		
3.13	Практика түрлері бойынша құрастырылған бағдарламалар	3		
3.14	Оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқауларға (оның ішінде электронды түрдегі) сын-пікір беру	4		
4. Біліктілікті жетілдіру				
4.1	Шетелден өткен біліктілікті жетілдіру курсы	7		
4.2	Орталық ғылыми және ЖОО өткен біліктілік жетілдіру курсы	5		

4.3	Облыс көлемінде өткен біліктілік жетілдіру курсы	3		
4.4	Халықаралық семинарлар мен біліктілік жетілдіру курстарына қатысу: - шетелдік - отандық - «онлайн» түрінде	1 семинар үшін 5 3 2		
5. Ғылыми қызмет				
Ғылыми жарияланымдар				
5.1	Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен шығарылған монография (1 б.т. үшін)	3		
5.2	Бейіндік ОӘБ шешімімен шығарылған монография (1 б.т. үшін)	5		
5.3	Рейтингісі жоғары компаниялардың базасына сәйкес нөлдік емес импакт-факторлы басылымдардағы жарияланымдар: - Томсон Рейтер, ISI компанияларының базалары мәліметтеріне сәйкес импакт-факторлы басылымдарда (соңғы 3 жылда); - басқа да шетелдік басылымдарда (SCOPUS, Mathnet. ru) (соңғы 3 жылда); - РИНЦ базасындағы басылымдарда; - Қазақстандық басылымдарда	1 мақала үшін 20 15 7 3		
5.4	Хирш индексінің болуы (соңғы 3 жылда);	15		
5.5	ҚР БҒМ басылымдар тізіміне енген басылымдардағы жарияланымдар (соңғы оқу жылы бойынша)	1 мақала үшін - 10		
5.6	Халықаралық конференцияларға баяндамамен қатысу (соңғы оқу жылы бойынша): - шетелде; - республика көлемінде; - облыс көлемінде, университетте	1 баяндама үшін 20 15 10		
5.7	Халықаралық конференция жинақтарындағы жарияланымдар: - шетелдік - отандық - «онлайн» түрінде өткізілген конференциялар	5 3 2		
5.8	Республикалық конференцияға қатысу (соңғы оқу жылы бойынша) - пленарлық мәжіліске баяндамамен қатысу; - мақаланың жариялануы	1 баяндама үшін - 10 1 мақала үшін - 5		
5.9	Жарияланымдар:	1 мақала үшін		

	- «Болашақ» Хабаршысында»; - басқа да басылымдарда	5 3		
5.10	Мамандық бойынша олимпиаданың ұйымдастырылуы мен өткізілуі	6		
5.11	Студенттік олимпиада жеңімпаздарын (студенттік команда) даярлау, оның ішінде: - республикалық; - өңірлік; - университетаралық	10 6 4		
5.12	Студенттер мен оқушылар арасында өткізілетін олимпиадалар, кункурстар, жобалар мен конференциялардың жеңімпаздарын даярлау (соңғы оқу жылы бойынша): - халықаралық деңгейде; - республикалық деңгейде; - облыс, қала деңгейінде; - университет деңгейінде	10 8 6 4		
5.13	Студенттер және магистранттармен бірігіп жарияланған ғылыми мақалалар (соңғы оқу жылы бойынша)	1 мақала үшін - 4		
Авторлық куәлік, өнертабысты пайдалану актісі, патенттер				
5.14	ҚР авторлық куәлігі	1 өнертабыс үшін – 25		
5.15	ҚР патенті	1 өнертабыс үшін – 25		
5.16	Патентке берілген өтініштер	1 өнертабыс үшін – 10		
Ғылыми зерттеулердің орындалуы, ғылыми жобалардың университет базасында жүзеге асырылуы				
5.17	Халықаралық бағдарламалар (жобалар, гранттар) (соңғы оқу жылы бойынша)	1 жоба үшін - 20		
5.18	Республикалық фундаментальды және қолданбалы ғылыми-зерттеу бағдарламаларының, келісім-шарт бойынша жұмыстардың орындалуы (соңғы оқу жылы бойынша)	1 жоба үшін жетекшіге -20 қатысушыға –10		
5.19	Жобалар байқауына, республикалық фундаментальды және қолданбалы ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысу (соңғы оқу жылы бойынша)	1 жоба үшін - 10		
5.20	ҚР ҒТА Ұлттық Орталығы АҚ тіркелген іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау	1 жоба үшін жетекшіге -10		

		қатысушыға –7		
5.21	Технологияларды коммерциялизациялау және шаруашылық келісім бойынша жұмыстардың орындалуы	1 жоба үшін жетекшіге -20 қатысушыға –10		
5.22	Университеттің ҒЗИ орындалған ғылыми-зеттеу жұмыстары	5		
6. Үгіт-насихат жұмыстарына қатысу				
6.1	«Ашық есік» күндеріне байланысты іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу	5		
6.2	Орта мектеп түлектерімен жұмыс жасау: - үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында ауыл мектептеріне іс сапарға шығу; - қала мектептерінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, үйірме жұмыстарына жетекшілік жасау (үйірме кафедра жанында ұйымдастырылуы керек) (соңғы оқу жылы бойынша)	іс сапарға 1 рет шыққаны үшін – 5 әр мектеп үшін - 2		
6.3	Мектеп және колледж білім алушыларына арнап ұйымдастырылған пәндік олимпиадаларға, конференцияларға т.б. қатысу (соңғы оқу жылы бойынша)	1 іс-шара үшін – 2		
7. Студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмыстары				
7.1	Тәлімгер жұмысы (№3 қосымша бойынша бағаланады)	20		
7.2	Студенттік үйірмелер, клубтарға жетекшілік жасау	6		
7.3	Студенттердің ғалымдармен, мамандармен кездесуін ұйымдастыру. Театрға, стадионға бару мен экскурсиялар ұйымдастыру	8		
7.4	Оқудан тыс спорттық, шығармашылық іс-шаралар ұйымдастыру және жүргізу	7		
7.5	Студенттердің теориялық және практикалық конференцияларын, университеттің және факультеттің «Ғылым күнін» ұйымдастыру мен өткізу	5		
7.6	Жарыстардан, фестивальдардан (спорт, көркемөнер) жүлделі орын алған университеттің құрама командаларын дайындау және оларға жетекшілік жасау т.б.	5		
7.7	Жатақханадағы тәрбие жұмысы	5		
7.8	Студенттермен басқа да іс-шараларға қатысу	3		
7.9	Мерзімді ақпараттық басылымдарда «Болашақ» университеті жайлы, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлтаралық келісім мен төзімділік, заңды сыйлау, құрметтеу, саламаттылық және рухани даму туралы мақалалар жариялау, телебағдарламаларға қатысу (соңғы оқу жылы бойынша): - республика деңгейінде;	6		

	- облыс деңгейінде	4		
8. Ұйымдастырушылық және қоғамдық қызмет				
8.1	Журналдардың редколлегиясына мүше болу: - шетелдік; - республикалық; - жергілікті, университетішілік	10 8 6		
8.2	Қала, облыс деңгейінде кеңестер мен комиссияларға қатысу	1 қатысқаны үшін - 3		
8.3	Ректораттың шешімімен университеттің ғылыми кеңесі, факультет, ҒӘК ұйымдастырған тексеру комиссиялары құрамында болу	1 рет қатысқаны үшін - 3		
8.4	Университеттің, факультеттің Ғылыми кеңес мүшесі болу	2		
8.5	ҚР БЖҒМ бұйрығымен бекітілген комиссия немесе жұмыс тобы мүшесі (соңғы оқу жылы бойынша) болу	1 іс сапар үшін-3		
8.6	- өндірістерде, мекемелерде семинар-тренингтер ұйымдастыру және өткізу; - ғылыми конференция секцияларына жетекшілік жасау (соңғы оқу жылы)	10 5		
8.7	Олимпиада, ғылыми жоба жарыстарына әділқазылық жасау (соңғы оқу жылы бойынша) - республика деңгейінде; - облыс, қала деңгейінде	1 іс-шара үшін- 5 1 іс-шара үшін- 2		
9. Білім беру, ғылым, өнер, спорт аясында жеткен жетістіктер				
9.1	Президент Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының марапаттары	25		
9.2	ҚР БЖҒМ марапаттары: - «ҚР құрметті білім беру қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін», «ҚР ғылымы және білімін дамытуға қосқан үлесі үшін», «ҚР Білім беру үздігі» төсбелгілерінің, «Ы. Алтынсарин» медалі, Құрмет грамотасы, алғыс хаттар иегері (сонымен қатар, мәдениет пен спорт шеңберіндегі марапаттар); - ҚР Білім және ғылым министрлігінің шәкіртақысы: «Болашақ» халықаралық шәкіртақысы, «Жылдың үздік оқытушысы» атағы, «Озат жұмыс, озат ғылыми зерттеу жұмысы және ғылым саласындағы жұмыстар» сыйақысы, «Үздік ғалым», «Дарынды жас ғалым» мемлекеттік ғылыми шәкіртақылары; - ҚР ЖОО Ассоциацияларының, «ҚР Тұңғыш Президент Қоры» мен «ҚР білім қорының» марапаттары	10		

9.3	Облыс және қала деңгейіндегі грамоталар	8		
9.4	«Болашақ» университетінің алғыс хаттары мен грамоталары	5		
	№1 қосымша бойынша жоғары балл			

1-қосымшаға сәйкес мәліметтердің және жиынтық балдың шынайылығын растаймын

Факультеттің эксперттік комиссия төрағасы _____

Университеттің ішкі тәртібін бұзу

№	Көрсеткіштер	Балл
1	Университет ректорының бұйрығымен ескерту жасалғанда	- 10
2	Университет ректорының бұйрығымен сөгіс берілгенде	- 20
3	Университет ректорының бұйрығымен қатаң сөгіс берілгенде	- 40
	Барлығы	

Оқу тобы тәлімгері қызметінің бағалануы

№	Көрсеткіштер	Балл
1	Тәлімгерлік қызмет жүргізу үшін бекітілген оқу тобының үлгерімі (95-100% аралығы - 3 балл, 94-80 % аралығы - 2, 79-75% аралығы - 1)	3
2	Бекітілген оқу тобының сабаққа қатысуы (96-100% аралығы – 3 балл, 95-80 % аралығы - 2, 79-75 % аралығы - 1)	3
3	Бекітілген оқу тобындағы студенттермен тікелей, үздіксіз жүргізілетін жұмыстар (тәрбие жұмыстары, тәлімгерлік сағат, әлеуметтік жұмыс, жатақханадағы жұмыс, ата-аналармен байланыс және т.б.)	2
4	Бекітілген оқу тобының ақылы негізде оқитын студенттерінің төлемақысы (96-100% аралығы - 5 балл, 91-95% аралығы - 4, 86-90% аралығы - 3, 81-85% аралығы- 2, 76-80% аралығы - 1)	5
5	Бекітілген оқу тобы студенттерінің спорттық секцияларға қатысуы, студенттік ұйымдарға мүше болуы (50% және одан жоғары – 3 балл, 31-49% аралығы - 2, 20-30% аралығы - 1)	3
6	Бекітілген оқу тобы студенттерінің спорттық және мәдени сайыстарға қатысуы, жүлделі орындарды иелену жөніндегі сертификаттарының, марапаттарының болуы (51% және одан жоғары - 4 балл, 41-50% аралығы - 3, 31-40% аралығы - 2, 21-30% аралығы - 1)	4
Барлығы		20 балл

Балл жиынтығы және құжаттар №3 қосымшаға сәйкес екендігін растаймын
Факультеттің эксперттік комиссия төрағасы _____

ЕСКЕРТУ:

I. Құжаттарды рәсімдеу талаптары:

- 1) Комиссияға ұсынылатын құжаттар нөмірленіп, түптеліп тапсырылуы тиіс.
- 2) Құжаттар мынадай тәртіппен тігілуі қажет:
 - алғашқы бетте оқытушының толық аты-жөні (тегі, аты, әкесінің аты), ғылыми дәрежесі (атағы), қызметі, факультеттің, кафедраның атауы жазылады;
 - құжаттар тізімінің қанша парақ екендігі көрсетіледі;
 - университет ректорының атына жазылған өтініш;
 - кафедра мәжілісі хаттамасының көшірмесі;
 - оқытушының сандық және сапалық көрсеткіштері;
 - расталған құжаттардың көшірмесі.

II. Құжаттарды рәсімдеу кезінде мына жайлар ескерілуі тиіс:

- 1) №1 қосымшадағы **2 Көрсеткіштер** деген кестені конкурсқа қатысушының өзі толтыруы тиіс;
- 2) 1.1-1.5 пункттерге ғылыми дәреже мен ғылыми атақтың берілгендігі туралы дипломдардың көшірмесі тігіледі;
- 3) 1.6 пунктке магистр академиялық дәрежесі берілгендігі туралы дипломның көшірмесі тігіледі;
- 4) 2.1 пункті бойынша мәліметтерді оқу-әдістемелік басқарма ұсынады;
- 5) 2.2 пункті бойынша өзара сабаққа қатысу графигінің, сабақ анализінің хаттамасы ұсынылады;
- 6) 2.3 пунктіне инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып интерактивті режиммен өткізілген ашық сабақтың факультет деканы мен кафедра меңгерушісі қол қойған хаттамасының көшірмесі растаушы құжат есебінде тігіледі;
- 7) 2.4 пункті бойынша мәліметтерді деканат ұсынады;
- 8) 3.1-3.4 пункттері бойынша баспа табағы көрсетілген монографиялардың, оқулықтардың, оқу құралдарының алғашқы беттерінің баспа-таңбалары мен университет Ғылыми кеңесінің, республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктердің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі шешімдерінің хаттамалары міндетті түрде тігілуі қажет;
- 9) 3.5-3.6 пункттері бойынша лицензиялардың көшірмелері (белгіленген тәртіп бойынша бекітілген электронды оқу құралдарының авторлық құқығы, олардың университет оқу үдерісінде қолданылатындығы жөніндегі кітапхана директорының анықтамасы) тігіледі;
- 10) 3.7 пункті бойынша баспаханадан ағылшын тілінде басылып шыққан пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің көшірмелері тігіледі;
- 11) 3.8-3.14 пункттері бойынша әдістемелік құжаттар мен рецензиялардың көшірмелері, хаттамалар міндетті түрде ұсынылады;
- 12) 4.1-4.4 пункттері бойынша есептер, іссапар құжаттары, сертификаттар мен дипломдар тігіледі;
- 13) 5.1-5.2 пункттері бойынша монографияның тақырыбы мен мазмұнының баспа-таңбасы, шығу деректері тігіледі;
- 14) 5.3 пункті бойынша журналдың атын көрсете отырып, нөлдік емес импакт-факторлы басылымдардағы мақалалардың көшірмелері, журналдың импакт-факторы, шыққан жылы, томы, нөмірі және мақаланың тақырыбы мен беттерінің көшірмелері тігіледі. Аталған мәліметтерді растау үшін журнал сайтының электронды мекен-жайы көрсетіледі;
- 15) 5.4 пункті бойынша Хирш индексіне есептеу жүргізуге лицензиясы бар компания құжаттарының көшірмесі (немесе сертификатының көшірмесі) тігіледі;
- 16) 5.5-5.9 пункттері бойынша мына құжаттар тіркеледі:
 - оқытушы мақалаларының көшірмелері, мақала жарияланған журналдың алғашқы беті мен мазмұнының көшірмелері;

- баяндама және оқытушының баяндамашы есебінде қатысқандығы көрсетілген конференция бағдарламаларының көшірмелері;

17) 5.10-5.12 пункттері бойынша оқытушының жетекшілігімен дайындаған пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының және басқа да жарыстардың жеңімпазы атанған студенттер мен оқушылардың дипломдарының көшірмелері тігіледі;

18) 5.13 пункті бойынша студенттің, магистранттың оқытушымен бірлесіп жариялаған мақалаларының көшірмесі тігілуі қажет. Мақала электрондық басылымда жарияланған жағдайда сол мақала жарияланған сайттың электронды мекен-жайы қосымша тігіледі;

19) 5.14-5.16 пункттері бойынша авторлық құқық, патенттер, алдын-ала патенттердің зияткерлік меншікті мемлекеттік тіркеу куәлігінің көшірмелері, патент алу үшін өткізілген құжаттар көшірмесі тігіледі;

20) 5.17-5.18-5.22 пункттер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми-зерттеу және конструкторлық нұсқаулықтар орындау үшін жасалған келісім-шарттардың, уақытша жасақталған шығармашылық ұжымдардың құрылуы туралы бұйрықтардың көшірмелері міндетті түрде тігілуі қажет;

21) 5.19 пункті бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысқанын растайтын ғылыми жұмыстар жөніндегі проректордың анықтамасы тігіледі;

22) 6.1 пункті бойынша тігілген құжаттарға кафедра меңгерушісі мен факультет деканының қолы қойылуы керек;

23) 6.2-6.3 пункттері бойынша проректор бекіткен үйірме туралы ереже, жұмыс жоспары, үйірме құрамы, үйірме жетекшісін бекіту туралы өкімнің көшірмесі және соңғы оқу жылындағы атқарылған жұмыстар туралы үйірме жетекшісінің қолы қойылған қысқаша есеп ұсынылады; кәсіптік бағдар беру мақсатындағы іссапарларды растайтын құжаттардың көшірмелері тігіледі;

24) 7.1-7.9 пункттері және №3 қосымша бойынша тігілген құжаттар тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор мен факультет деканының қолымен расталуы тиіс;

25) 8.1-8.7 пункттері қажетті құжаттардың (бұйрықтар, өкімдер, анықтамалар, марапаттар және т.б.) көшірмелерімен расталады.

26) 9.1-9.4 пункттері бойынша оқытушының марапаттары (орден, медаль, атақ т.б.) жөніндегі куәліктерінің көшірмелері міндетті түрде тігілуі керек;

27) №2 қосымшаның көрсеткіштері университеттің кадрлар бөлімі арқылы анықталады.